



Ақмешіт

12 мамыр
сәрсенбі
№37 (1739)
2021 жыл

апталығы

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru



ҚОҒАМ ҚАЛАММЕН БЕДЕРЛЕНЕДІ

Журналистер – мемлекеттік бағдарламалар мен реформалардың маңызын қалың бұқараға жеткізіп, халық ішіндегі өзекті мәселелерді талдап, билік назарына ұсыну миссиясын мойнына алған құрметті де күрделі кәсіп иелері. Мемлекеттік маңызы бар мәселелерді насихаттап, қоғамдық сана жаңғыруының қозғаушы күшіне айналған бұқаралық ақпарат құралдарының қоғамдағы орны ерекше. Осы ретте бұқаралық бірнеше басылымды бір шаңырақ астына топтастырған «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі елдік мұраттарға қызмет ету жолында сенім биігінен түскен емес. Мемлекеттік саясатты насихаттап отырған мекемеге облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова келіп, серіктестік жұмысымен танысты.

Халық арасында «Күдіретті қолбасшылардың әскері жетпеген жерге қаламның қуаты жеткен» деген сөз бар. Ой қуалап, сөз ұйқастыру, одан шымыр дүние жазып шығару – екінің біріне бұйырмаған асыл қасиет. Біз білетін қазақ халқының атақ жазушыларының барлығы жазуды журналистикамен ұштастырып, осы сара жолды жазушылықтың даңғылына айналдырған. Он жылдан аса тарихы бар медиабрілестікте де қаламы қуатты, ойы ұшқыр қалам иелері аз емес. Серіктестікте алғашқы жылдары 90 жылдан аса тарихы бар аймақтың ата басылымдары саналатын «Сыр бойы» және «Қызылорда-новости» газеттері болды. 2013 жылы оған қалалық, аудандық ресми басылымдар қосылып, жұмыс ауқымы кеңейді. Облыс әкімдігінің қолдауы нәтижесінде содан бері «Сыр медиа» еліміз бойынша өзінің өз баспаханасынан шығарып, өзі тарататын іргелі ұйымға айналды.

«Сыр медиа» ЖШС мемлекеттік саясатты, республика мен өңір жандықтарын халыққа дер кезінде мазмұнды түрде жеткізу қызметін қазіргі заман талаптарына сәйкес жаңашылдықпен жүргізіп келеді. Бүгінде барлық басылымның сайттары, сондай-ақ 2011 жылы ашылған «Kyzylorda-news.kz» ақпарат агенттігі саясат, экономика, білім беру, денсаулық сақтау, спорт, мәдениет және өзге де салалар бойынша қоғамның тыныс-тіршілігі туралы оқырманға жедел әрі сенімді ақпарат таратуы жолға қойды. 2013 жылы оқырманға жол тартқан «Ақмешіт жастары» газеті аймақ жастарының сүйікті басылымына айналды. Журналистердің біліктілігін арттыру мақсатында ашылған «Сыр медиа» академиясының да жұмысы жүйелі екенін айта кеткен жөн. Бұдан бөлек аудиоподкастқа арналған студия, кітап басу ісін дамыту сынды сәтті жобалар қазірдің өзінде жемісін беріп үлгерді.

Кездесу барысында «Сыр медиа» ЖШС бас директоры Аманжол Онғарбаев серіктестікте атқарылған жұмыстарды жан-жақты баяндады. Жұмыс соңында облыс әкімі медиабрілестіктің атқарған жұмыстарына оң бағасын беріп, алғысын білдірді. Сонымен бірге облыс көлемінде ел игілігі үшін жасалып жатқан жұмыстар да бұқаралық ақпарат құралдары арқылы насихатталатынын, халық пен билік арасын жақындатуда журналистердің алтын көпір болып отырғанын атап өтті.

Қай қоғам болсын қаламмен бедерленетіні белгілі. Тарихты таспалайтын да қалам. Газет саласында еңбек ететін журналистер де, әр шығармасын сүбелі сөзбен көркемдейтін жазушы да қаламды серік ету арқылы қоғамның тамыршысына айналады. Қаламның құдіретін терең сезінген аймақ басшысы да журналистерге «қаламдарыңыз ұшталсын» деген тілегін жеткізді.

Ә.ЖУМАДИЛАУЛЫ
Суретті түсірген Н.НҮРЖАУБАЙ

САРАПТАМА

«ІШІМЕ СЫЙҒАН ҚЫЗЫМ СЫРТЫМА ДА СЫЯДЫ» деген түсініктен арылу керек

Тақырыпты көлденеңнен қойып, мәселені тікесінен айтпасақ амал қалмады. Қазір «үйлену онай үй болу қиын» деген тәмсiлдi жадыларынан шығарып, көтерген шаңырақтарын құлататындар көбейдi. Ашығын айтқанда, ажырасатындардың саны артып барады.

4 БЕТТЕ

АҒАЙЫН, «АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫНА» ЖАЗЫЛДЫҒЫЗ БА?

Мiне, баспасөзге 2021 жылдың екiншi жарты жылдығына жазылу басталды. Қапы қалмаңыз, сүйiктi газетiнiз тәрiнiзде тұрсын! Жекелер үшiн 6 айға – 2500 теңге, мекемелер үшiн – 3500 теңге. Баспасөзге қатысты сауалдарыңыз болса, мына нөмiрлерге хабарласыңыздар: 40-05-81, 70-14-08

ҚАЛА ТЫНЫСЫ

МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР ШЕШІЛЕТІН КҮН ЖАҚЫН

Қызылорда қаласының әкімі Ганибек Қазантаев мереке күндері демалыстан гөрі шаһардағы маңызды мәселелердің шешімін іздеуді жөн көргендей. Өйткені жұрт демалып жатқанда әкім қаланың біраз жерін аралап, күрмеуі көп мәселелерді тыңғылықты зерттеп қайтты. Алдымен өз жұмысын қаладағы аяқ су жүйесінің деңгейі мен насостық құрылғылардың жұмысын бақылаудан бастады.



Жалпы қаладағы арық жүйелерінің жалпы ұзындығы 54,6 шақырым, ал 20 каналдың ұзындығы 31,3 шақырымды құрайды. Қаланы аяқ сумен қамту үшін каналдардың бойына барлығы 13 насос орнатылып, жетпіс желектерді суару үшін қызмет ететін қосымша 11 жер асты ұңғымасы жұмыс істейді екен. Әкім осы аяқ су тарту жүйесіндегі «проблемаларды» шешудің жолы әлі де қарастырылатынын айтты.

«Сырдың жағасында тұрып, аяқ судан тапшылық көрмеуіміз керек» дегенді алға тартқан қала басшысы Тәуелсіздік даңғылының бойында орналасқан су тарту насосының жұмысын көрді. Дарияның деңгейі төмен болғандықтан бұл жерден әзірге су тарту мүмкін емес екен. Міне, қала орталығына аяқ судың келмеуіне осы себепкер болып тұр. Ал Қорқыт ата монументінің жанында орналасқан насостың жұмысы тоқтап тұрғанының себебін «Бұл құрылғының да жұмысын бастауына су деңгейінің төмендеуі кедергі болып тұр. Қосалқы құбыр жалғасак, су тартуға қиындық туғызбайды», – деп түсіндірді әкімнің орынбасары Елмұрат Рахматуллаев. Ал Ганибек Қонысбекұлы өз кезегінде тиісті жұмыстарды жүргізіп, насосты жұмысқа қосу үшін жауаптыларға 3 күн уақыт берді.

Жалпы Сырдарияның деңгейі төмендегендіктен насостарды да бірнеше метр төменге түсіру керек екен. Қала әкімдігінің фейсбуктегі ресми парақшасындағы ақпаратқа сүйенсек, Сыр ана монументінің жанынан су тартып, Арай каналына жіберетін насостың да орны

ауыстырылып, қайта құру жұмыстары жүргізіліп жатыр-мыс.

Қала әкімі қазіргі таңда жұмыс істеп тұрған насос жүйелерімен де танысып қайтты. Оның ішінде 20 сәуірден бастап жұмыс істеп тұрған Жібек жолы каналына су айдайтын станса бар. Сонымен қатар Н.Назарбаев даңғылы бойындағы стансаға да барды. Мұнда қаланың негізгі арық жүйелерін сумен қамтитын 4 насос орналасқан. Ол насостың екеуі үзіліссіз жұмыс жасайтын болса, екеуі қосалқы құрылғы.

2 БЕТТЕ

ТӘУЕЛСІЗДІК: КЕШЕ ЖӘНЕ БҮГІН

Халық денсаулығы, ол – Қазақстанның өзінің стратегиялық мақсаттарына жетудегі табысының ажырамас бөлігі.

Н.Ә. НАЗАРБАЕВ

Тәуелсіздіктің 30 жылдығында жеткен жетістік аз емес. Ел ертегіне тірек болар көптеген сала қайта құрылымданды. Соның бірі – медицина саласы. Ендеше, егемендік алған алғашқы кезден бүгінге дейінгі Сыр өңіріндегі денсаулық сақтау саласының жемісті және жеңісті жолдарын ой елегінен өткізейік.

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ СЫР МЕДИЦИНАСЫ

АДАМ ДЕНСАУЛЫҒЫ – ҰЛТ ҚАЗЫНАСЫ

Облыстық медицина орталығы егемендікпен біте қайнаскан аурухана болып есептеледі. Оның материалдық базасының құрылысы сонау тәуелсіздік алған алғашқы кезеңмен тұспа-тұс келеді. 1992 жылы облыстық консультативтік диагностикалық орталықтың ашылуы облыстық аурухананың қосымша клиникалық бөлімшелерінің көбеюіне және диагностикалық жұмысының жақсаруына көп көмегін тигізді. Дәл осы жылы қоссалалы медициналық кешен құрылысы басталып, 1998 жылы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен ашылған еді. Сол сәт сырбайлықтар үшін үлкен жаңалық, зор мәртебе болғаны анық. Орталық соңғы үлгідегі технологиямен жабдықталған. Атап айтар болсақ, кіші инвазивті және жоғары технологиялық ангиограф, КТ, МРТ, лапароскопиялық тіреулер, орталық микроскоптар, литотрипсияға арналған аппараттар, тәулік бойы қалтқысыз жұмыс жасап келеді.



Бүгінгі күні орталық толыққанды цифрландыру жүйесімен жұмыс істейді. Қызметкерлер біліктілігін арттыру мақсатында оқу-симуляциялық орталығы іске қосылған. Жоғары технологиялы медициналық көмекті дамыту мақсатында ангиограф алынды. Соның арқасында каранография, стенттеу, жүрекке жасалынатын ашық оталар саны артты. Аритмология бойынша аймақта алғашқы рет арнайы аппарат алынып, радио жиілікті абляция оталары жасалына бастады. Жаңа КТ аппараты іске қосылды. ВТМУ саны жылдан жылға артып келеді. Мәселен, бес жыл бұрын жылына 4-5 эндоскоптеудеу оталары жасалатын болса, қазір жылына 200-ге жуықтады. Оттегі стансасы жұмысын бастады. Пандемияға байланысты арнайы филтър аппараты жұмыс жасауда.

3 БЕТТЕ

БЕЙҚАМДЫҚ ТАНЫТУҒА ӘЛІ ЕРТЕ

Қала әкімі Ф.Қазантаевтың үндеуі

Құрметті жерлестер!

Қазіргі эпидемиологиялық жағдайға байланысты еліміздегі қалыптасқан қиын кезеңнен жақсы хабардарсыздар. Бұл дүйім жұртты дүрліктеріп, дерт дендеген уақытта саулықтың келілі сақтықта екендігін түсініп, барлығымыз елдің амандығына алаңдап, жақынымызға жанашыр бола түстік. Алайда қауіпсіздікті ұмытып, босаңсуға, бейқамдық танытуға әлі де ерте. Индетті жеңу үшін бірлігіміз бен ынтымағамызды сақтай отырып, сақтық шараларын қатаң ұстанып, жеке бас пен жақындарымыздың, қоғамның қауіпсіздігіне жоғары жауапкершілікпен қарауды осы қалыпта жалғастырығанымыз абзал. Қоғам болып жұмылсақ ғана индетпен күресте жақсы нәтижеге қол жеткізетіндігімізді дәлелдеп келеміз.

Сонымен қатар қауіпті индетті жеңіп шығу үшін вакцина егудің де қажеттілігін естен шығармай, өз денсаулығына, жақындарының амандығына алаңдаған әрбір қызылордалықтың вакцина салдырғаны маңызды. Бүгінде қала бойынша 30 мың 203 тұрғын коронавирусқа қарсы вакцина алып үлгерді. Қала бойынша 10 емханада екпе салу жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Мен де 60-тан асқан шағымда өзімнің, отбасымның қауіпсіздігі үшін Спутник V вакцинасының 2 компонентін толық алдым. Денсаулығым бірқалыпты, екпе ағзама ешқандай теріс әсерін берген жоқ.

Сондықтан қала тұрғындарын екпе алудан жүрексіңбей, қоғам үшін маңызды кезеңде вакцина салдыруда белсенді болуға шақырамын!

Орманды алқапта орын алған тілсіз жаудың салдары алапат өртке ұласты. Жазық даладан бастау алған өрттің бұлай бір елдімекеннің басына қайғы әкелерін ешкім күтпесе керек. Апта басында Шығыс Қазақстан облысында болған төтенше жағдайдың салдарынан 35 үй өртке оранды, адам шығыны да бар.

ОТҚА ОРАНҒАН ОРМАН



Шығыс Қазақстан облысының ТЖД берген мәлімет бойынша, оқиға дүйсенбі күні Риддер орман шаруашылығында шөптің өртенуінен басталған. Мұны сол маңдағы Лесхоз елдімекенінің тұрғындары байқап, тиісті орынға хабар берген екен. Тілсіз жау бастапқыда 2 гектар аумақты қамтып, оған 6 техника мен жүзден аса маман жұмылдырылған. Алайда ахуал кешкі мезгілде күрделеніп, соны алапат өртке ұласқан.

2 БЕТТЕ

ДЕПУТАТ МІНБЕРІ

Халықтың әлеуметтік-тұрмыстық, саяси-қоғамдық арыз-шағым, ұсыныс-пікірін жауапсыз қалдырмау, құзырлы мекемеге жеткізу – халық қалаулысының бір міндеті.



Оған қоса сайлауға дейінгі уәдені шашу шығармай соңына жеткізу, түйіткілді мәселені шешуге мұрындық болу депутатқа артылар жүкті еселей түседі.

«ТҮРҒЫНДАР ТОЛЫҚ ҚОНЫСТАНСА, МӘСЕЛЕ ШЕШІЛЕР ЕДІ»

– Әбдіғабит Әбләзімұлы, депутаттық мандатты еншілегеніңізе көп уақыт боламаса да қала тұрғындарының жай-күйіне қатысты маңызды мәселені жиындарда жиі көтеріп келесіз.

– Мен үшін қоғамдағы әрбір мәселе маңызды. Халық мұқтажының үлкен-кішісі болмайды деп санаймын. Сондықтан барынша ауқымды тірлік атқарып, түрлі саладағы кемшілікті назардан тыс қалдырмай, зерделеуге күш салғым келеді.

– Бүгінге дейін мәслихат сессиясының 6 отырысы өтті. Осы аралықта депутат ретінде өзіңіз алаңдатқан қандай тақырыпты тиісті мекеме назарына ұсындыңыз?

– Мәслихат сессиясында көптеген мәселе қаралды. Соның ішінде өзім ерекше назар аударып, ұсыныс жасаған тақырып – ауыз су сапасы. Кезекті жиында қала тұрғындарын таза ауыз сумен қамтамасыз ету, тұрғындар тұтынатын артезиан суының сапасын ғылыми тұрғыда зерттеу, аяқсу жүйесін ретке келтіру секілді тақырыптарда ұсыныс-пікір білдірдім.

– Байқағанымыз, тұрғындар барғысы-ақ келеді. Алайда қала орталығынан қатнайып онай шаруа емес. Оның үстіне екі араға қатынайын қоғамдық көліктің уақытылы бармауы, шағын ауданды толық араламауы тұрғындарды қашырып отырған секілді ме, қалай?

– Олай демес едім. Керісінше, қоғамдық көлік халық аз болғасын шағын ауданды толық аралай алмай отыр. Тұрғындар кезекті кездесуде қоғамдық көліктің жетіспеушілігін, көліктердің «Бөйтерек-1» аумағынан кері қайтатыны туралы шағымдарды айтты.

– Сізге аумақтық бөлініс бойынша «Бөйтерек» шағын ауданы бекітілгені белгілі. Жасыратыны жоқ, бұл шағын аудандық мәселесі жетерлік. Мұны БАҚ пен әлеуметтік желіде жарияланған ақпараттардан да аңғаруға болады.

– Қазіргі таңда «Бөйтерек» шағын ауданы «Бөйтерек-1», «Бөйтерек-2», «Бөйтерек-3», «Бөйтерек-4» секілді бөліністен құралған. Ондағы қордаланған мәселені көптігінен хабардармын.

– Мұндағы халықты толғандырган сауал тек жол емес. Көпір құрылысы да көп күткен іс болды?.. – Дұрыс айтқаныңыз, тұрғындармен кездесу барысында бұл мәселе де жиі көтеріледі.

– Мүндағы халықты толғандырган сауал тек жол емес. Көпір құрылысы да көп күткен іс болды?.. – Дұрыс айтқаныңыз, тұрғындармен кездесу барысында бұл мәселе де жиі көтеріледі.

– Мүндағы халықты толғандырган сауал тек жол емес. Көпір құрылысы да көп күткен іс болды?.. – Дұрыс айтқаныңыз, тұрғындармен кездесу барысында бұл мәселе де жиі көтеріледі.

– Тұрғындар бастапқыда қарқыны күшейген жаңа мектеп құрылысы кейінгі уақытта баулауды деп алаңдан отыр.

– Жаңа мектептің құрылыс жұмысы толық бақылауда. Құрылыс жұмыстары жыл соңына дейін аяқталады деп күтілуде. Сондықтан алаңдауға себеп жоқ.

– Олай демес едім. Керісінше, қоғамдық көлік халық аз болғасын шағын ауданды толық аралай алмай отыр.

– Олай демес едім. Керісінше, қоғамдық көлік халық аз болғасын шағын ауданды толық аралай алмай отыр. Тұрғындар кезекті кездесуде қоғамдық көліктің жетіспеушілігін, көліктердің «Бөйтерек-1» аумағынан кері қайтатыны туралы шағымдарды айтты.

– Олай демес едім. Керісінше, қоғамдық көлік халық аз болғасын шағын ауданды толық аралай алмай отыр. Тұрғындар кезекті кездесуде қоғамдық көліктің жетіспеушілігін, көліктердің «Бөйтерек-1» аумағынан кері қайтатыны туралы шағымдарды айтты.

– Олай демес едім. Керісінше, қоғамдық көлік халық аз болғасын шағын ауданды толық аралай алмай отыр. Тұрғындар кезекті кездесуде қоғамдық көліктің жетіспеушілігін, көліктердің «Бөйтерек-1» аумағынан кері қайтатыны туралы шағымдарды айтты.

– Олай демес едім. Керісінше, қоғамдық көлік халық аз болғасын шағын ауданды толық аралай алмай отыр. Тұрғындар кезекті кездесуде қоғамдық көліктің жетіспеушілігін, көліктердің «Бөйтерек-1» аумағынан кері қайтатыны туралы шағымдарды айтты.

– Олай демес едім. Керісінше, қоғамдық көлік халық аз болғасын шағын ауданды толық аралай алмай отыр. Тұрғындар кезекті кездесуде қоғамдық көліктің жетіспеушілігін, көліктердің «Бөйтерек-1» аумағынан кері қайтатыны туралы шағымдарды айтты.

– Олай демес едім. Керісінше, қоғамдық көлік халық аз болғасын шағын ауданды толық аралай алмай отыр. Тұрғындар кезекті кездесуде қоғамдық көліктің жетіспеушілігін, көліктердің «Бөйтерек-1» аумағынан кері қайтатыны туралы шағымдарды айтты.

Сұхбаттасқан Еркін БАЛТАБЕКҰЛЫ

МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР ШЕШІЛЕТІН КҮН ЖАҚЫН



Қаладағы арық жүйелерінің жалпы ұзындығы 54,6 шақырым, ал 20 каналдың ұзындығы 31,3 шақырымды құрайды.

Келесі күнін қала әкімі Қызылордадағы арық жүйелері мен саябақтарға келетін аяқ суға арнады.

Бүгінгі күнін қала әкімі Қызылордадағы арық жүйелері мен саябақтарға келетін аяқ суға арнады.

қондырғысы орнатылған. Әкім өткен жылы жаңғыртылған саябақты көркейту жұмыстарын арттыруды тапсырды.

Қаладағы арық жүйелері осы кезге дейін Жібек жолы және Сарқырама магистральді каналдары арқылы сумен қамтылып келген.

Алайда сәт сайын күшіне мінген тілсіз жау баржоғы 4 сағаттың ішінде 310 гектар аумақты шарпыған.

Алайда сәт сайын күшіне мінген тілсіз жау баржоғы 4 сағаттың ішінде 310 гектар аумақты шарпыған.

Басы 1-бетте

ОТҚА ОРАНҒАН ОРМАН

Отқа барысын баяндаған төтенше жағдай министрінің ресми өкілі Талғат Уәлидің айтуынша, өрт кеш қарая жазық даладан Лесхоз елдімекеніне қарай өрбіген.

Алапат өртті ауыздықтау өрт сөндірушілерге оңайға соқпады. Тілсіз жаудың күшін қайтару үшін орман күзетінің МИ-8, МИ-2 тұлқашы әуеден 17500 текше метр су сенкен.

Басы 1-бетте

Айдана СЕЙІЛ

Эпидемиологиялық ахуал бойынша жасыл аймаққа енескте, босансауға әлі ерте. Вирус жұқтырғандар азайғанымен, тоқтаған жоқ.



ҚАУІП ӘЛІ ДЕ БАР

Осылайша, облыста індетке шалдыққандардың жалпы саны 2695-ке жетті. Ал оның басым бөлігі қала тұрғындары.

Қатерлі індетті қарым-қатынас арқылы жұқтырғандардан гөрі жаңа ошағын қалыптастырушылар көп. Мәселен, вирустың симптомды белгісін байқағандар жаңа ошақ ретінде тіркелсе, 8-і қарым-қатынас арқылы тараған.

ауруханаларға жатқызылып, тиісті ем жүргізілуде. Облыстық денсаулық сақтау басқармасының баспасөз қызметінің берген мәліметіне сүйенсек, қазір облыс бойынша инфекциялық стационарда 410, реанимациялық бөлімде 51 науқас ем алуда.

Аурудың алдын алса жеңіл болатыны белгілі. Инфекциялық вирустан сауығып, айыққандар да бар. Өткен тәуліктегі дерек бойынша 61 науқас емделіп шыққан.

А.СЕЙІЛ

Қызылорда

Кезінде Сырдарияның оң жағасы, Қызылорда – алғаш болған Ордабасы. Бүгінде кеңі түсіп көркеюде, Сымбатты Сыр сұлудың сол жағасы.

Әуежай бар алыс пен жақындығы, Көше атын иеленді кешегі ері. Әлі де заулім үйлер бой көтеріп, Белгілі көшеге асфальт төселеді.

Қаланың гүлге толы гүлзарлары, Гүлдердің бір керемет бұр жарғаны. Жайқалып тұрған анау жауқазындар, Ақиқат арқау болар жылдарға әлі...

Өзеннің бұрын болған бір көпірі, Бұл мәнін таусылмайды қыр мен сыр. Оң мен сол жағалауды жалғастырған, Салынған екі жапа Сыр көпірі.

Көлік біткен жүретін әзер, Жүргізуші риза жаңа жолға. Бір жағы Сыр, бір жағы сырлы қала, Кептелістен құтылды жаға жолға.

Бар спорт, мәдениет ошақтары, Баршылық оза шапқан озақтары. Сайыстың бар тұрпаны спортшылар, Байлаған белбеулерін босатпады.

Зілтемір көтеруден бір перзенті, Илья – әлем білген Сыр перзенті. Күміс көмей, жез таңдай қыздарымыз, Елмұра мен Күнсұлу жыр перзенті.

Ақын, энші көп шыққан киелі елден, Жырау-жыршы көп шыққан жүйелі елден. Исламдың ақтангері Мұхтар ақын, Үш мәрте алтын домбыра иеленген.

Көбейді мұнаралы мешіттері, Мешіттің айқара ашық есіктері. Исламды ұстаған иманды ұрпақ, Жұмадағы намазға кешікпеді.

Аймақтың тым тереңде деректері, Зерттеп жатыр оны зеректері. Қазба кезде табылған кей бұйымдар, Көдеге жарап жатыр керектері.

Алғашқы аты тарихта Қамыс қала, Бүгінде бар әлемге таным қала. Қызылорда қазағымның туын тіккен, Қайрат, жігер қайнаған намыс қала!

Қазыбек ӘШІРБЕКҰЛЫ

